

Г.К.Шолпанқұлова,^{1*}  К.Р.Калкеева,¹  А.Муталиева,¹  С.Ахтанова¹ 

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТІ ТУРАЛЫ ҚҰНДЫЛЫҚ ТҮСІНІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекеті туралы құндылық түсініктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары қарастырылады. Кәсіби іс-әрекет туралы құндылық түсініктерін қалыптастыру мәселесін қарастырған зерттеулерді талдаудың психологиялық-педагогикалық аспектілері маңызды педагогикалық шарттарды анықтауға мүмкіндік берді, олар: жалпы кәсіби шарттар (бағыттылық, практикалық-бағдарлау, шығармашылық және интеллектуалдық даму); психологиялық-педагогикалық шарттар (максатты ұйымдастыру, тәжірибені кеңейту, жағымды эмоционалдық қатынас); ұйымдастырушылық-әдістемелік (ғылыми-зерттеу, оқу-шығармашылық іс-әрекет нәтижелерін жүйелі бақылау; кафедраның, факультеттің, жоо-ның ғылыми-шығармашылық әлеуетін пайдалану, оқу-әдістемелік кешен мен практикаға бағытталған тапсырмалар жүйесін, практика бағдарламаларын құру), оларды болашақтағы жұмыста ескеру қажет. Демек, болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекет туралы құндылық түсініктерін қалыптастыру тәжірибе, білім және дағдылар жиынтығы негізінде, дамумен байланысты әлеуметтік маңызды және жеке басымдылық мағыналарын түсіну үшін тапсырмалар жүйесі негізінде дербестік, оқу-шығармашылық, ғылыми-зерттеу, жобалық іс-әрекеттерді жүзеге асыру үдерісінде мүмкін болады.

Түйін сөздер: кәсіби іс-әрекет, кәсіби даярлау, құндылық, түсінік, педагогикалық шарттар.

Шолпанқұлова Г.К.,^{1*}  Калкеева К.Р.,¹  Муталиева А.Ш.,¹  Ахтанова С.К.¹ 

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, г.Астана, Казахстан

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ЦЕННОСТНЫХ ПРЕДСТАВЛЕНИЙ О ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ

Аннотация

В данной статье рассматриваются педагогические условия формирования ценностных представлений о профессиональной деятельности будущих педагогов-психологов. Психолого-педагогические аспекты анализа исследований, в которых рассматривалась проблема формирования ценностных представлений о профессиональной деятельности, позволили выявить существенные педагогические условия: общепрофессиональные условия (направленность, практико-ориентация, творческое и интеллектуальное развитие); психолого-педагогические условия (целенаправленная организация, расширение опыта, позитивное эмоциональное общение); организационно-методические (систематический контроль результатов научно-исследовательской, учебно-творческой деятельности; использование научно-творческого потенциала кафедры, факультета, вуза, создание учебно-методического комплекса и системы практико-ориентированных заданий, программ практики), которые необходимо учитывать в будущей работе. Следовательно, формирование ценностных представлений будущих педагогов-психологов о профессиональной деятельности возможно в процессе самостоятельности, учебно-творческой, научно-исследовательской, проектной деятельности на основе набора опыта, знаний и навыков, системы заданий для понимания социально значимых и личностно приоритетных значений, связанных с развитием.

Ключевые слова: профессиональная деятельность, профессиональная подготовка, ценность, понятие, педагогические условия.

Sholpankulova G.,^{1*}  Kalkeeva K.,¹  Mutaliyeva A.,¹  Akhtanova S.¹ 

¹L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR THE FORMATION OF VALUE IDEAS ABOUT THE PROFESSIONAL ACTIVITIES OF FUTURE TEACHERS-PSYCHOLOGISTS

Abstract

This article examines the pedagogical conditions for the formation of value ideas about the professional activities of future teachers-psychologists. The psychological and pedagogical aspects of the analysis of research, which considered the problem of the formation of value ideas about professional activity, allowed us to identify significant pedagogical conditions: general professional conditions (orientation, practice orientation, creative and intellectual development); psychological and pedagogical conditions (purposeful organization, expansion of experience, positive emotional communication); organizational and methodological (systematic control of the results of research, educational and creative activities; use of the scientific and creative potential of the department, faculty, university, creation of educational-a methodological complex and a system of practice-oriented tasks, practice programs), which must be taken into account in future work. Consequently, the formation of value ideas of future teachers-psychologists about professional activity is possible in the process of independence, educational, creative, research, project activities based on a set of experience, knowledge and skills, a system of tasks for understanding socially significant and personally priority values associated with development.

Keywords: professional activity, professional training, value, concept, pedagogical conditions.

Кіріспе. Мемлекет басшысы Қ-Ж.Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «кәсіптік білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында талап етілетін құзыреттерді қалыптастыруға қайта бағдарлауға тиіспіз», - деп белгілеуі болашақ мамандардың, соның ішінде педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекетіне бейімделуін, кәсіби дағдылары мен құзыреттілігі қалыптасқан маман болуын талап етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, студенттердің кәсіп және оның құндылығы туралы қалыптасқан идея-ларды қабылдауы зерттеу мәселесінің алғышарттары екенін ескеру қажет. Себебі, кәсіби дайындау үдерісі мамандық туралы идеялар жүйесін қалыптастыруға негізделеді, ол студенттердің болашақ педагог-психолог ретінде кәсіптік ғана емес, тұлғалық дамуына әсер етеді.

Сонымен бірге болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекеті туралы құндылық түсініктерін қалыптастыруда кәсіпте рухани-адамгершілік даму құндылықтарын, өзін-өзі жүзеге асыруын, оқу үдерісіндегі қарым-қатынас құндылықтарын меңгеруіне қажетті практикалық қызмет туралы жаңа түсініктері арқылы дәйекті түрде ашуға және меңгеруге негіз болып табылады. Алдымен мамандықты оң таңдау жүйесіне, өзін-өзі дамытуына, болашақ кәсіби іс-әрекетіне дайындығына және жауапкершілігіне байланысты. Мамандыққа деген сүйіспеншілік – бұл кәсіби іс-әрекетке, оған әлеуметтік, экономикалық және мәдени мағынада маңызды іс-әрекет ретінде қарауға ауысатын құндылық идеясы, соның арқасында студент мамандықтың жоғары мағыналары мен идеалын сақтайды.

Сондықтан жоғары оқу орнында білім алу барысында студенттердің болашақ кәсіби іс-әрекеті жөніндегі ой-пікірлері, кәсіби іс-әрекетке қойылатын жалпы және арнайы, сондай-ақ этикалық талаптар маман ретінде қалыптасу мақсаты мен оған жету жолдарын анықтауға, кәсіптер әлеміндегі педагог-психологтың бейнесін, кәсіби қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады. Бұл мәселенің өзектілігінің негізгі аспектісі ретінде студенттердің болашақ мамандық туралы идеяларын қалыптастыруды саналы, мақсатты және нәтижелі зерттеудің қажеттілігін өзектендіреді. Зерттеу барысында қарастырылып отырылған мәселелерді зерттеген еңбектерге талдау жасалды:

- қазіргі қоғамның негізгі құндылықтарының кешені (Н.Д.Никандров, Р.Б.Абсаттаров, Л.М.Архангельский, С.Ф.Анисимов және т.б.);

- өмірлік құндылықтар мен идеалдар идеясы (Б.С.Гершунский, С.Нұрмұратов А.А.Нысанбаев және т.б.);

- адамның тәрбиесі мен білімінің құндылығы (А.Н. Джуринский, Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, Ә.Табылдиев, Г.Қ.Нұрғалиева және т.б.);

- қоғамның рухани жаңғыруының жалпыадамзаттық құндылықтары (М.В.Кларин, Р.К.Төлеубекова, А.А.Калюжный және т.б.);

- жеке тұлғаның құндылығы, кәсіби және жеке даму және өзін-өзі жүзеге асыру ретіндегі кәсіби білімі (Е.П.Белозерцев, А.Д.Гонеев, А.Г.Пашков, Р.К.Төлеубекова, Д.Ә.Нұрғалиева және т.б.).

- университеттегі студенттердің оқу-кәсіби дамуы (И.В. Гусева, Г.М.Исмаилова және т.б.);

- педагог-психолог мамандығын таңдаудың психологиялық ерекшеліктері, психолог студенттердің кәсіби туралы идеялардың дамуы (О.Б.Полякова, А.Р.Ерментаева, Н.Б.Жиенбаева, Г.С.Помаз және т.б.);

- білім беруді дамытудың қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайындағы кәсіби білім беру (В.И.Белов, Г.К.Абдигалиева, В.П.Тугаринов және т.б.).

- болашақ педагог-психологтар мамандықтарының мәні, өзіндік ерекшеліктері, кәсіби дамуындағы құзыреттілік (Н.В.Кузьмина, А.Н.Көшербаева, А.К.Маркова, С.М.Кенесбаев, Ұ.М.Әбдіғалбарова және т.б.). Бұл теориялық қолданбалы мазмұндағы зерттеу жұмыстары, ондағы теориялық қағидалардың, қорытындылар мен тұжырымдардың болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекет туралы құндылық түсініктерін қалыптастыруда маңызды екендігін және айтарлықтай тәжірибе жинақталғандығын дәлелдейді.

Қазіргі заманғы зерттеулерді талдау және педагогикалық білім беру тәжірибесі бұл мәселеге деген қызығушылықтың артып келе жатқанын, болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекеті туралы құндылық түсініктерін қалыптастыруды зерттеу үшін белгілі бір теориялық алғышарттар бар екенін көрсетеді.

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекет туралы құндылық түсініктері студенттің жеке тұлғасы үшін тұрақты, маңызды көзқарастар жүйесі, терең рухани-адамгершілік мағынасы бар сенімдер, таңдаған кәсібінің құндылығын арттыратын және оның кәсіби іс-әрекетін жоғары оқу орнында меңгеруіне бағыттайтын тәжірибемен байланысты идеялардың жиынтығы. Сонымен, кәсіби іс-әрекет туралы құндылық түсініктері болашақ педагог-психологтардың кәсіби мәдениетінің негізі ретінде кәсіби қызметті нақты жүзеге асыру үдерісінде белсенді түрде қалыптасады, кәсіби дайындығы жалпы мәдени және кәсіби деңгейлерді толық қамтиды.

Сондықтан болашақ педагог-психолог ретінде студенттердің кәсіби іс-әрекет туралы құндылық түсініктері мамандықты таңдау және оған бағыттылығын, оқу және кәсіби іс-әрекетінің маңыздылығын, тұлғалық бағдарын анықтайтын мәндік-мағыналық негізін сипаттайды.

Біздің зерттеу контекстімізде болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекеті туралы құндылық түсініктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттарының жүзеге асырылуы қарастырылады.

Негізгі ережелер. Зерттеу мақаламыздың негізгі мақсаты болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекеті туралы құндылық түсініктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын теориялық тұрғыдан негіздеу.

Педагог-психологтарды кәсіби даярлаудың тиімді педагогикалық шарттарын анықтау мақсатында 6В01103 – «Педагогика және психология» (бакалавриат) білім беру бағдарламасы бойынша жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, ұлттық біліктілік шеңберіне, оқу жұмыс жоспарларына, модульдік білім беру бағдарламаларына, оқу бағдарламаларына (элективті пәндер), жоо-ның білім беру үдерісінде психологиялық-педагогикалық кәсіби дайындық мәселесі бойынша әдебиеттерге талдау жасалады. Аталған білім беру бағдарламасы бағыты бойынша бакалавриат деңгейінде болашақ педагог-психологтарды даярлау мәселесін ғылыми тұрғыдан зерттеу педагогикалық ғылымдар бағытындағы кәсіби даярлық мәселелерімен тікелей байланысты екені белгілі.

Сондықтан ұсынып отырған мақаламызда педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетінің ерекшеліктерінің, соның ішінде қойылатын талаптар (тұлғалық және кәсіби сапасы, әлеуметтік

жетілуі, зияткерлік әлеуеті, меңгеретін құзыреттіліктері және т.б.) бірегейлігімен айқындалады.

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекеті туралы құндылық түсініктерін қалыптастыру мәселесін зерттеу үшін Т.И.Ильинаның «Жоғары оқу орындарында білім алу мотивациясы» әдістемесі іріктеп алынады. Ұсынып отырылған мақаламызда осы әдістеменің нәтижесіне жасалған талдау зерттеу мәселеміздің бастапқы диагностикалық деңгейі ретінде ұсынылып, педагог-психологтардың кәсіби қалыптасуының нәтижелі болуының перспективасын айқындауға негіз болады.

Материалдар мен әдістер. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекеті туралы құндылық түсініктерін қалыптастыруда келесі тұғырлар зерттеуіміздің әдіснамалық негізін айқындайды:

- аксиологиялық тұғыр (А.В.Кириякова, А.А.Реан, А.К.Маркова, А.А.Бейсенбаева және т.б.);
- тұлғалық-бағдарлық тұғыр (В.В.Серигов, С.В.Кульневич, Н.Н.Хан және т.б.);
- құзыреттілік тұғыр (Э.Ф.Зеер, И.А.Зимняя, Б.А.Тұрғынбаева, Г.Ж.Менлібекова және т.б.);
- іс-әрекет тұғыры (Е.И.Исаев, В.И.Слободчиков, А.Р.Ерментаева және т.б.). Аталған тұғырларға сипаттама беріледі.

Заманауи білім парадигмасы шеңберінде тұғырларды өзгерту оқытудағы іс-әрекет әдіснамасын анықтайды. Студент белсенді түрде кәсіпті меңгеруі және әлеуметтік өзара әрекеттесу барысында іс-әрекеттерді жауапкершілікпен жүзеге асыруға қабілетті болуы керек. Бұл студенттердің болашақ педагог-психологтар ретінде кәсіптік білімін басқару еркіндігін, оқу әрекетінің субъектісі ретіндегі креативтілігін, кәсіби дағдыларын, сыни ойлауын, командада жұмыс істеуін, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады.

Сондықтан болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекеті туралы құндылық түсініктерін қалыптастыру үдерісін ұйымдастырудың маңызды шарты қоғам мен адамның талаптарына жауап беретін құндылықтар жүйесін меңгерту үшін жеке тұлғаның қажеттіліктерін тәрбиелеу болып табылады. Бұл жағдайда тәрбие үдерісі тұлғаның даму факторларының барлық жиынтығын, мәдениеті мен жеке типологиялық ерекшеліктерін дамытуды қамтиды.

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекеті туралы құндылық түсініктерін қалыптастыру мақсатындағы эксперименттік-тәжірибе жұмысына Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 6В01103 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының студенттері (жалпы саны - 67 студент) қатыстырылды.

Зерттеу әдісі ретінде аналитикалық шолу және талдау қолданылды. Психологиялық және педагогикалық әдебиеттерде студенттердің педагогикалық кәсіпті таңдау мотивтерін жан-жақты зерттеу мақсатында көптеген әдістемелер құрастырылған. Соның бірі - Т.И.Ильинаның «Жоғары оқу орындарында білім алу мотивациясы» әдістемесі. Бұл әдістеме студенттердің өздері таңдаған кәсіптеріне қарым-қатынасын анықтауға бағытталған. Әдістеме авторы жоо-да білім алу мотивациясын анықтауда үш шкаланы пайдаланады: «Білімді меңгеру» шкаласы (білімді меңгеруге талаптану, білуге құштарлық); «Мамандықты меңгеру» шкаласы (кәсіптік білімді меңгеруге және кәсіби маңызды қасиет-сапаларды қалыптастыруға талпыну); «Диплом алу» шкаласы (емтихандар мен сынақтарды тапсыруда жеңіл жолды іздестіруге және білімді формалды (үстірт) меңгеріп дипломды алуға ұмтылу).

Нәтижелер мен талқылау. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекеті туралы құндылық түсініктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын қарастыруда базалық ұғымдар ретінде «түсінік», «құндылық», «құндылық түсініктер», «кәсіби құндылық», «шарт», «педагогикалық шарттар» ұғымдарының мазмұнына талдау жасалады.

Психология ғылымында «түсінік» ағылшынның «representation», «mental representation» сөздерінен алынған, «репрезентация» және «менталды түсінік» деген мағыналарды білдіреді [1, б.486].

Сондықтан философия ғылымындағы түсінікке берілген «өткен тәжірибелер, сезімдер мен қабылдаулар деректері негізінде оны жадта немесе қиялда жаңғырту арқылы туындайтын объектінің, құбылыстың көрнекі бейнесі» деген анықтамаға ұқсас келеді.

Демек, «түсінік» ұғымы адамның мінез-құлқын реттеу үшін маңызды психикалық үдеріс деп анықталады. Психолог-ғалымдар (А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский) пікірінше, «түсінік - бұл заттар мен оқиғалар және оларды еске түсіру немесе өнімді қиялдау негізінде пайда болатын бейнелер; адамның қиялымен толықтырылған, есту, көру иіс сезу, дәм сезу секілді танымдық үдерістермен тығыз байланысты бейнелер болып табылады. Бұл «түсінік» ұғымы белгілі бір нәрсенің бейнесі ретінде сипатталатынын көрсетеді. Олай болса, түсінік «ойлау мәселелерін шешуде маңызды рөл атқарады, әсіресе туындаған жағдаяттарға қатысты жаңа «көзқарасты» сипаттайды [2, б.290].

Сонымен, «түсінік» кәсіби іс-әрекеттің болжамды бейнесі ретінде болашақтағы құндылықтарымен анықталады. Ол құндылықтардың ішінде ең маңыздысы - тұлғаның жеке қалаулары, мақсаттары, күтілетін нәтиже ретіндегі жетістіктері, сондай-ақ «түсінік» әрбір кәсіби іс-әрекеттегі сәтсіздік жағдаяттарын ескере отырып, нәтижесі шексіз күрделі құрылымдық сипаттама деп те анықталады.

Кез келген тұлғаның күнделікті өміріндегі түсініктері бірқатар, атап айтқанда «адам мен әлем», «сана мен шындық», «психикалық және физикалық», «көрінетін және жарамды» арақатынасына байланысты мәселелерді шешуге өзінің әсерін тигізеді. Бұл маңызды, өйткені қазіргі қоғам адамға, болашақ маманға жаңа талаптар қояды. Ол адамның өз тіршілігіне саналы көзқарасын қалыптастырады. Бұл алдымен өзінің кәсіби туралы түсінігіне байланысты, оның мәнін жете ұғынуын, құндылығын түсінуін талап етеді.

Жалпы алғанда, құндылық әлемі туралы ілім ретінде қалыптасқан аксиология ғылымының теориясына сәйкес, адамның құндылық әлемінің табиғаты мен құрылымы мәдениет әлемінің құрамдас бөлігі, ол тұлғаның жалпыадамзаттық құндылықтарға қатынасын сипаттайды.

«Құндылық» ұғымына көптеген анықтама берілген. Зерттеуімізде құндылықтың «жеке тұлға үшін мәнді, оның барлық қажеттіліктерін қанағаттандыруға қажетті заттар мен қоршаған ортадағы шынайы құбылыстар» деген анықтамасына сүйенеміз.

М.С.Каган құндылықтың табиғаты мен түрлері, негізгі объектілері жөніндегі шет елдік және отандық тәжірибені зерделей отырып, оладың мәдени жүйелердегі маңызды орнын анықтады. Олар әртүрлі мәдени жүйелерде өзінің маңыздылық дәрежесіне ие болды: философияның бөлігі ретінде аксиология теориясы; жеке тұлғаның құндылық қатынастарын қалыптастырудың ішкі параметрлері және жетекші құндылық қатынастарының бес тұрақты өзгеруі. Автор құндылық қарым-қатынасты қалыптастыру үдерісін сан алуан түрлі аспектіде (әлеуметтік, мәдени, тұлғалық психологиялық, тұрмыстық және т.б.) зерттеді. Сонымен қатар, құндылықтардың белгілі бір жастық күйдегі басымдылығына мән бере отырып, оның ауысу мүмкіндігін ерекше атап көрсетеді [3, б.154].

В.Б.Ольшанский құндылықтардың өмірдегі алатын орнын зерттей отырып, адамның қажеттіліктері оның белгілі бір құндылықтар жүйесіне айналуы мүмкін деп есептейді [4, б.99].

Әлеуметтік қолайлы жағдайларда адам әлеуметтік маңызды формаларға сәйкес қажеттіліктерді қалыптастырады. Қоғам адамның таңдау өлшемдеріне сәйкес келетін құндылықтардың бірыңғай жүйесін, соның ішінде, терминалдық және инструменталдық құндылықтар белгілейді. Тұлғаның кәсіби тұрғыдан дамуы құндылық жөніндегі түсініктеріне тікелей байланысты. Ол өз кәсіби тұрғысынан психологиялық, акмеологиялық және тұлғалық қалыптасуында кәсіби дамудың белгілі үлгілерінің мазмұнындағы ішкі құрылымдарды сипаттайды, оларға жаңа технологияларды енгізу, кәсіби маңызды мәселелерді шешудің жаңа алгоритмі, студенттің оқу үдерісінде жеке әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін тұлғалық сапа-қасиеттерін дамыту және мотивтер мен құндылықтар жүйесін өзгерту жатқызылады.

Р.К.Төлеубекованың пікірінше, құндылық бағдар жүйесі маманның өзінің кәсіби міндеттерін орындауға тұлғалық қатынасын қамтиды. Қарым-қатынас олардың дағдылары

мен білімдерін үнемі жетілдіруге, жоғары нәтижелерге қол жеткізуге және кәсіби стандарттарға сәйкес келуге ұмтылысынан көрінеді [5, б.114]

Е.П.Володина өз зерттеуінде интеллекттілік деңгейі жоғары заманауи психолог- студенттердің құндылық бағдарының құрылымын келесідей бөліп көрсетеді:

- танымдық компоненті (болашақ педагог-психологтың ой талдауы мен тәуелсіз пайымдауының нәтижесін сипаттайды);

- эмоционалдық компоненті (өмірі мен жеке тәжірибесінің нәтижесі, осы іс-әрекетке қосылуына қанағаттануы, ол туралы құнды түсініктерін қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады);

- мотивациялық-құндылық компоненті (қазіргі қоғамдағы кәсіби іс-әрекеттің әлеуметтік құндылық моделін қабылдаудың нәтижесін көрсетеді) [6, б.131].

Сондықтан, әрбір кәсіптің мәні мен мазмұнын сипаттайтын өзіндік құндылығы бар екенін ескеретін болсақ, онда «кәсіби құндылықтар» ұғымы адамның өзінің кәсіби іс-әрекетінде тандайтын, меңгеретін және орындайтын құндылық бағдарын сипаттайды. Осыдан, «кәсіби құндылық» кез-келген кәсіби іс-әрекеттің тұлғалық және әлеуметтік мәнді нәтижесін қамтамасыз ететін құрал деп түсіндіріледі.

Демек, құндылық ұғымдарын зерттеу адамның таңдау табиғатын және оның өмірдің әртүрлі құбылыстарына қатынасын түсінуге мүмкіндік беретін әдіснамалық тұрғырлармен айқындалады.

Аксиологиялық тұғыр үйлесімді тұлға мен кәсіби білімнің құндылығы туралы түсініктерді ізгілік тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді. Мұнда құндылық түсініктерінің объективті сипаты адамның жалпы болмысын ашып көрсетеді. Аксиологиялық тұғыр мен гуманистік тәсіл синтезі «құндылықтар мен мақсаттар» арақатынасының мәнін түсіндіреді [7, б.54].

Тұлғалық-бағдарлық тұғырды іс-әрекет тәсілімен бірге қарастыру болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекетіне бейіндік дайындығы мен қарым-қатынасын қалыптастырудың тұлғалық сипатын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл тұғыр студенттердің жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне бағытталады.

И.А.Зимняяның пікірінше, тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр білім алушылардың (оқушы, студент) тұлғасын оның мотивтері, мақсаттары сақталатын немесе қалыптастын қайталанбас жеке дара психологиялық қоймасы ретінде сипаттайды [8, б.76].

Құзыреттілік тұғыр болашақ педагог-психологтардың кәсіби дайындығын кәсіби іс-әрекетінің мәдени ерекшелігімен үйлестіруге, кәсіби даярлау үдерісінде білім, білік және дағдысы қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Құзыреттілік тұғыр студенттердің кәсіби іс-әрекеті туралы құндылық түсініктерін қалыптастыруда оқу үдерісіндегі студент пен оқытушының өзара әрекеттестігі ынтымақтастық, бастамашылық пен шығармашылық ықпалдасуы үшін ең қолайлы оқу іс-әрекетінің мақсаттары мен міндеттерін айқындайды, дербес даму аймағын қалыптастырады, білім беру бейініне байланысты түрлі бағыттағы білім мен тәжірибеге сүйенеді [9, б.129].

Сонымен кәсіби даярлау үдерісінде жоғарыда сипатталған әдіснамалық тұғырлар (аксиологиялық, тұлғалық-бағдарлық, тұлғалық-іс-әрекеттік, құзыреттілік) болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекеті туралы құндылық түсініктерін қалыптастырудың тиімді жолдарын қамтамасыз ететін педагогикалық шарттарды анықтауға мүмкіндік туғызады.

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекеті туралы құндылық түсініктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтауда келесі психолог ғалымдар теориялары басшылыққа алынады:

- С.Л.Рубинштейннің «адамнан құндылықтарды иеліктен шығаруды жеңу» міндетін тұжырымдауы маңызды жалпы нұсқау ретінде қолданылады [10, б.211];

- жеке тұлғаның қоғам құндылықтарын игеруі іс-әрекет үдерісінде жүреді және оның адам тұлғасының негізін құрайтын әлемге қатынасы жүзеге асырылады деген талабы екінші нұсқау болып саналады. А.Н.Леонтьевтің пікірінше, барлық құндылықтардың мағынасы

және жеке мәні бар. Педагог-психолог мамандығының паспортына сәйкес студенттердің кәсіби іс-әрекеті туралы құндылық түсініктерін қалыптастыру олардың тұлғалық дамуының жалпы көрсеткіштерімен қатар жеке кәсіби ерекшеліктерін де қамтиды [11, б. 145];

- «әрбір адамның жеке мүдделері мен еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мамандықты немесе кәсіпті таңдауға ықпал ететін факторлар (отбасы, оқу орындары, мемлекет, қоғам және басқа ұйымдар қызметі) ақпараттық және ұйымдастырушылық-практикалық негізінде қалыптасуы үшінші нұсқауды құрайды [12, б.38];

- жеке тұлғаның жалпы мәдениеті қоғам мен адамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының барлық жиынтығын қамтитын деңгейде мамандық бейнесін сипаттайтын негізгі құндылықтар болып табылады [13, б.27].

Жоғарыда аталған ғалымдар еңбектерінде зерттеу нысаны мен пәніне сәйкес «шарт», «педагогикалық шарттар» ұғымдарының мазмұны, оларды жүзеге асыру ерекшеліктері сипатталады.

Біздің пікірімізше, «педагогикалық шарттар» болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекеті туралы құндылық түсініктерінің қалыптасуына әсер ететін үдерістер болып табылады. Сонымен бірге осы үдеріске ықпал ететін сыртқы факторлардың жиынтығы, өзара байланысты ішкі құбылыстардың бірлігін сипаттайтын жағдайлар деп түсіндіріледі.

Студенттің түсініктерінде «кәсіп» әлеуметтік сипатқа ие, жеке мағынада оған қол жеткізудің қалаған болашағын қамтиды. Л.А.Григоровичтің пікірінше, кәсіби іс-әрекеттің сан алуан түрлері «қоғамның маңызды нәтижеге, өнімге деген қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ете алады. Тұлғаның психикалық белсенділігі адамның әлеуметтік мінез-құлық деңгейлері бойынша практикалық, теориялық және әлеуметтік деп жіктеледі. Бұл адам іс-әрекетінің құрылымындағы құндылық аспектілерінің танымдық және ерікті үдерістермен өзара байланысын көрсетеді [14, б.6].

«Педагогикалық шарттар» педагогикалық үдерістің шаралар жиынтығы немесе объективті мүмкіндіктері деп түсіндіріледі. Ол оқыту мен тәрбиелеу үдерістерінің мазмұнын, әдістері мен тәсілдерін, ұйымдастырушылық формаларын іс-шаралар кешені түрінде сипаттайды.

Н.В.Кузьмина педагогикалық шарттарды «кез-келген педагогикалық үдерістің тәрбиелік, білімділік және дамытушылық мақсаттарына бағынатын өзара байланысты функционалдық және құрылымдық компоненттерден тұратын педагогикалық жүйе ретінде» қарастырады [15, б.84].

Педагогикалық шарттар кешенін педагог-психологтардың кәсіби дайындығына ықпал ететін арнайы жасалған жағдайлардың тиімді үйлесімі деп түсіндіруге болады. Педагогикалық шарттар өзара байланысты және бірін-бірі өзара толықтырылатын жағдайлар, нәтижеге олардың бірлігінде ғана қол жеткізуге болады. Педагогикалық шарттар сыртқы немесе объективті және ішкі немесе субъективті деп бөлінеді.

Педагогикалық шарттар инновациялық технологияларды пайдалана отырып, тұлғаға бағдарланған оқыту қағидаларына, яғни оқытудың инновациялық әдістері мен нысандары негізінде оқу үдерісін ұйымдастыруға негізделеді. Ол жоғары оқу орнында оқытудың барлық кезеңінде білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау ретінде айқындалып, жалпы жағдайға негізделуге тиіс.

Сондықтан, болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекеті туралы құндылық түсініктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын (жалпы, психологиялық-педагогикалық, ұйымдастырушылық-әдістемелік) бөліп көрсете отырып, төмендегідей қысқаша сипаттама беріледі.

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекеті туралы құндылық түсініктерін қалыптастырудың жалпы кәсіби шарттарына: кәсіби іс-әрекеттің әртүрлі аспектілері нақтыланатын оқу пәндерін оқу үдерісіндегі мазмұнын мақсатты түрде кеңейту; оқу практикасына бағытталған сабақтарды ұйымдастыру; шығармашылық және зияткерлік дамуды ұйымдастыру және оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың инбелсенді әдістерін (пікірталастар,

дөңгелек үстел, миға шабуыл, кездесулер, шеберлік сыныптары, конференциялар ұйымдарстыру; психологиялық-педагогикалық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру; мамандықты жан-жақты танудың алғышарттарын және оны тиімді дамыту үшін тұлғаның жеке мүмкіндіктерін ескеру жатқызылады.

Жалпы кәсіби шарттарды ескере отырып, болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекеті туралы құндылық түсініктерін қалыптастыру үдерісін ұйымдастыру келесі қағидаларға негізделеді:

- қосарлану қағидасы (өзі, әлем, басқа адамдар, заттар жайлы, идеалды, нақты және бұрмаланған кәсіби іс-әрекет туралы құндылық түсініктері);

- шығармашылық еркіндік қағидасы (білім берудегі әлеуметтік және жеке басымдықтарды, жеке тұлға мен білім беру ұйымдары арасындағы құқықтық қатынастармен нығайтылатын, құндылық идеяларын жаңартуға, оларды нақтылауға және қайта құруға ықпал ететін жоо-дағы кәсіби және жеке даму мүмкіндіктерін ашады);

- идеяларды қайта құру қағидасы (кәсіп туралы дұрыс қалыптаспаған терең идеяларды немесе оның функциялары туралы көзқарастардың тарлығын тану қиындықтарымен бірге оларды орындауға дайын еместігі, кәсіби іс-әрекет туралы объективті еместігі идеясын тану тәжірибесінің нәзіктігі кәсіптің жаңа конструктивті бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік береді);

- әлеуметтік-мәдени шарттылық қағидасы (кәсіби іс-әрекеттің функционалдық тетіктерін: этномәдени, діни, идеологиялық, тұлға мен кәсіптің үйлесімді байланыстары мен қатынастарының жүйесін анықтайды);

- басымдықтарды жауапты таңдау қағидасы (оқу бағдарламасының мазмұнында көрсетілген құзыреттерге сәйкес алынған білім, білік және кәсіптік дағдылар, әлеуметтік жетілу және жалпы мәдени даму негізінде таңдауды саналы түрде қабылдауға ықпал етеді).

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекеті туралы құндылық түсініктерін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары жеке тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және дамыту ретінде немесе кәсіби іс-әрекеттегі жаңа, жаңартылған мазмұн ретінде қарастырылады. Бұл тенденциялар мен реформаларға, маманның алдында тұрған міндеттерді құзыретті шешудің көрсеткіштеріне байланысты, олар: тұрақты қызығушылық, мамандыққа деген сүйіспеншілік, кәсіби күйіп қалу, моральдық нигилизм, құндылықтар мен құндылық идеялары құрылымының маңызды элементтері – адам, олармен өзара әрекеттесу кезінде көрсететін эмоционалдық тәжірибесі.

Сонымен болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекеті туралы құндылық түсініктері олардың мақсаттарына жету, қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру, әлеуметтік-психологиялық сипатынан айқын көрінеді, бұл оның таңдаған кәсіби іс-әрекетке құндылық қатынасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Сонымен болашақ педагог-психологтарды кәсіби даярлау барысындағы оқыту үдерісінде жеке қажеттіліктерді қанағаттандырудың субъективті сипатын салыстыру арқылы құндылық түсініктерінің объективті сипаты танылады. Демек, әлеуметтік анықталған құндылықтармен таныстыру олардың жеке тұлға үшін мағынасын қабылдау арқылы жүзеге асырылады.

Жалпы алғанда, түсініктер өздігінен емес, практикалық іс-әрекеттің нәтижесінде пайда болады. Идеялар әрі қарай, «қабылдау, ойлау, жазу үдерістерімен, сонымен қатар ақпаратты сақтайтын және соның арқасында түсініктер қалыптасатын жадымен» тығыз байланысты.

Құндылық түсініктері XX ғасырдың 2-ші жартысында ғылыми-техникалық даму мен қоғамдық еңбектің зияткерлік сипатының өсуі нәтижесінде пайда болды. Құндылық түсініктері кәсіби ойлаумен де тығыз байланысты. Анықтамалық әдебиеттерде «кәсіби ойлау» ұғымының мазмұны екі мағынада қолданылады:

- «сапалы» аспектісінде маманның жоғары кәсіби-біліктілік деңгейін білдіретін ойлау ерекшеліктері туралы айтылады;

- «пәндік» аспектіде кәсіби іс-әрекеттің сипатына байланысты ойлау ерекшеліктері атап көрсетіледі.

Көбінесе, бұл ұғымның екі мағынада қолданылуы әртүрлі түсіндіріледі, өйткені кәсіби іс-әрекеттің әр саласының өзіндік ерекшелігі, ойлаудың өзіндік аспектісі бар, мысалы: «педагог-психологтың ойлауы, «педагогтың педагогикалық ойлауы», «инженердің техникалық ойлауы», «дәрігердің клиникалық ойлауы» және т.б. Сондай-ақ кәсіби ойлаудың өлшемдер жүйесін басшылыққа алуға болады: белгілі бір арнайы іс-әрекетке жарамдылық дәрежесі, адам дамуының психологиялық-педагогикалық қиындықтарға бейімділігі және т.б. Ғалымдар (Б.Г.Ананьев, В.Т.Лисовский, Ю.Н.Кулюткин, А.А.Реан, В.А.Сластенин және т.б.) белсенді оқу әрекеті кәсіпті игерумен байланысты 18-25 жас аралығындағы студенттік жасты қарастырады. Авторлар студенттік жасты интеллектінің күрделі құрылымының уақыты деп санады. Студент кезіндегі қарқынды интеллектуалдық даму жеке тұлғаның құрылымының жоғарылауымен, төмендеуімен, өзгеруімен ерекшеленеді. Оқу әрекеті – бұл сан алуан түрлі әлеуметтік-психологиялық «шарттардың» жиынтығы арқылы жүзеге асырылады. Мысалы: өзін-өзі көрсету үшін тұлғааралық өзара әрекеттесу ерекшеліктері, кәсіптің беделі, оқу ұжымындағы психологиялық климат және т.б. элементтер кіреді. И.М.Сеченовтың пікірінше, үдерісті ұйымдастырудың ең маңызды шарты психикада пайда болатын кез-келген идея, көзқарас пен ой-пікір және онымен байланысты кез-келген бағытта аяқталатын қозғалыс. Мысалы, бұлшық ет қозғалысының алдындағы ой - қазіргі, өткен және болашақтағы эмоционалдық тәжірибелер мен түсініктер. Студенттің оқу әрекеті оның мотивтерімен тығыз байланысты.

Оқу әрекеті жетістік және танымдық мотивтерімен ерекшеленеді. Танымдық мотив студенттің оқу-танымдық іс-әрекетінің негізі, жетістік мотиві адамның ойлау әрекеті ретінде маңызды деп саналады. Егер, оқу іс-әрекетінде студенттердің құндылық идеяларын өзектендірудің белгілі бір динамикасы болжанса, тұлғаның кәсіби дамуының тиімділігі жоғары деңгейде болады деп болжауға болады.

Сонымен белгілі бір шарттар оқытушы мен студенттердің педагогикалық өзара әрекеттестігін ұйымдастыруда танымдық және кәсіби мотивацияға бағынатын жетістіктерді ынталандыруға ықпал етеді.

